

## ОҚУ СӨЗДІКТЕРІНДЕГІ ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ СҰРЫПТАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Лексикографияда сөздіктердің айрықша түрі болып табылатын оқу сөздіктері оқыту мақсаты мен тілді меңгерту құралы ретінде ерекшеленеді. Олардың оқыту сипаты сөздік құрамы, сөздердің сұрыпталуы, орналасуы, лингвистикалық ақпараттың берілу тәсілдері мен интерпретациясы, материал баяндалатын тіл, көлемі мен безендірілуі т.б. бойынша өзіндік белгілері болады. Оқу сөздіктерінің 3 негізгі қызметі бар: оқыту, анықтама, жүйелеу. Сондай-ақ олар басқа сөздіктер сияқты ақпараттық (жинақталған білімді тез меңгерту) және нормативті (сөз мағыналары мен қолданысын есепке ала отырып, тілдің жетіле түсуіне жол ашу) қызметке де ие. Бүгінгі таңда сөздік қызметі мен принциптері түзілген.

Сөздік негізгі мақсатына қарай:

- оқыту;
- жүйелеу;
- анықтама;
- нормативті болып бөлінеді [1].

Оқу сөздігіне жалпы «сөздік» ұғымына қатысты сипаттардың бәрі де тән. Сөздік түрі оның міндетіне байланысты болғандықтан, мұнда сөздік құрамның берілу жолдары, сипаты, материалдың іріктелуі, сөздік мақаланың жалпы құрылымының сұрыпталуы, тақырыптарындағы ақпараттың қамтылуы, иллюстративті материалдар, яғни лингвистикалық және лексикографиялық сипаты да түрліше болып келеді. Осыған байланысты П. Н. Денисов: «Типология словарей должна строиться прежде всего на основе соответствия того или иного словаря какому-либо существенному аспекту реально функционирующей системы какого-либо языка», – деп жазады [2].

Оқу сөздігінің негізгі ерекшелігі – ол оқытудың белгілі бір кезеңіне, белгілі бір жас мөлшеріндегі үйренушілерге бағытталады. Тілді меңгертудің негізгі принциптеріне сәйкес түзіліп, өзіндік әдістемелік ұстанымдары болады. Сөз-

діктің әдістемелік мақсаты бойынша, оқу сөздігіндегі сөздер іріктеліп, белгілі бір мөлшердегі сөздерді пайдалана отырып, сөз мағынасын ашу көзделеді.

Сөздіктерді топтастыруда әсіресе Л.В.Щербанның еңбектері [3] ерекшеленеді. Сөздіктерді жалпы академиялық сөздік, анықтама сөздік, энциклопедиялық сөздік, қарапайым (түсіндірме не аударма) сөздік, идеологиялық сөздік, тарихи сөздік т.с.с. түрінде топтастыра отырып, ғалым сөздіктердің «оқыту» мүмкіндігіне де тоқталады.

Оқу мақсатына сәйкес сөздік құрамды жүйелі сипаттауға байланысты оқу сөздіктерін топтастырған ғалымдардың бірі – Л.А.Новиков. Жиі қолданылатын сөздерге тоқтала отырып, ғалым жиі қолданылатын сөздер қамтылған сөздік түзу қажеттігін (тіркесім сөздігі, идеологиялық сөздік, синонимдер сөздігі) айтады [4].

Бірқатар еңбектерде оқу сөздіктеріне кез келген сөздікті жатқыза беруге болады деген де пікірлер кездеседі. Оқу сөздіктерінің тарихына байланысты да тіл білімінде пікір ала-құлалығы кездеседі. Зерттеушілердің бір тобы оқу сөздіктері жалпы сөздіктерден бұрын пайда болған деп есептесе, енді бірқатар зерттеушілер оқу сөздіктері оның тарихын 20 ғасырдың 70–80-жылдарынан бастайды. Оқу лексикографиясының осы кезде жедел қарқынмен дамуын зерттеушілер оның «жаңаша өркендеуі» деп атайды.

Оқу сөздіктері құрылымдық элементтер мен тіл аспектісінің шағын болуымен ерекшеленеді. Сөздіктің лексикалық қорын құрайтын сөздер сұрыпталады. Оқу сөздіктерін түзуде сөздердің қолданыс жиілігі, парадигматикалық және синтагматикалық ерекшеліктері, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік қасиеттері, сөзжасамдық қабілеті мен сөз тудырушылық мүмкіндігі, түрлі тақырыптық топтарда қолданылу ерекшелігі, сөздің коммуникативтік ерекшелігі ескеріледі. Лексикалық минимумды сұрыптау барысында тілдің жүйелілік және жүйеден тыс ерекшелігі, тілдік бірліктердің коммуникативті және әдістемелік мәніне ерекше назар аударылады. Сөздіктегі сөздердің сұрыпталуы, олардың мағынасының түсіндірілуі, мөлiметтер жиынтығы – бәрі де ортақ мақсат көздеуі керек. Оқу сөздіктерінде қамтылуы тиіс сөздердің көлемі туралы ортақ пікір жоқ. П.Н.Денисов орташа оқу түсіндірме сөздігі 10–12 мың сөзден тұруы керек те, ал үлкен сөздік 25 мыңнан аса сөзді қамтуы керек деп есептейді [2].

Лексикалық бірліктерді сұрыптауда оқушы осы сөздерді ғана білуі керек деген принципті көздемей, осы сөздерге сүйене отырып, сөздік қорын толықтыра түсуі, молайта түсуі қажет деген қағида басшылыққа алынуы керек.

Оқу сөздіктері сондай-ақ кімге арналғаны, неше тілді қамтығанына байланысты да ерекшеленеді. Олар ана тілін оқып-үйренушілерге, басқа тілді үйренушілерге арналуы мүмкін. Оқу сөздігін мектеп жасына дейінгі балалар да, түрлі оқу орындарының оқушы, студенттері де пайдалануы мүмкін.

Сөздік тіл білімінің түрлі салалары бойынша да саралануы мүмкін: фонетикалық (фонологиялық), морфемдік, сөзжасамдық, лексикалық, фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік. Осыған байланысты олардың нысаны ретінде дыбыстар, дыбыс тіркесі, екпін, сөз бөліктері, сөздер, сөздің грамматикалық формалары, сөз топтары мен қатарлары (парадигма), еркін және тұрақты сөз тіркестері (фразеологиялық тіркестер) мен тұтас сөйлемдер болуы мүмкін. Мәселен, І.Кенесбаевтың редакторлығымен жарық көрген «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» [5] сөздіктің негізгі бірлігі ретінде тұрақты тіркестер алынса, 2005 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігінде» дыбыстар, дыбыс тіркестері, сөздердің грамматикалық формалары сипатталған [6].

Тіл бірліктерінің берілу тәсіліне қарай оқу сөздігі әліпбилі, кері сөздік, ұялы сөздік болып бөлінеді. Әсіресе идеографиялық сөздіктердің өзіндік орны бар. Әліпбилі сөздіктерге орфографиялық немесе салалық терминологиялық сөздіктер жатады.

Ұялы сөздіктерде бір түбірден тараған, бір ұядан өрбіген сөздер беріледі. Түбір сөздер ұяның басында орналасып, әліпби тәртібімен беріледі. Мұндай сөздіктердің қатарына А.Н.Тихоновтың «Орыс тілінің мектепке арналған сөзжасамдық сөздігін» жатқызуға болады.

Оқу сөздіктерінің түрлері өзара қарама-қарсылық түзетін жіктеулер негізінде анықталады. Атап айтқанда:

1. парадигматикалық сөздік (түсіндірме сөздік, синонимдер сөздігі, антонимдер сөздігі, паронимдер сөздігі) – синтагматикалық сөздік (тіркесім сөздік);

2. семасиологиялық сөздік (тұлғадан мағынаға бағытталған, әліпбилі) – ономасиологиялық (мағынадан тұлғаға бағытталған);

3. бір тілді (түсіндірме) – көп тілді (аударма);
4. аралас (түрлі сөздіктердің ерекшеліктері қамтылған) – жеке (аспектілі).

Сөздіктерді топтастыруда сөздің жүйелі сипаттары толық ескерілуі тиіс: сөз бен тілден тыс ақиқат өмір (сөз бен сөйлеу, сөз бен оның қолданылатын ортасы, сөз бен елтаным, сөз бен грамматикалық жүйе, сөз бен жазу, сөз бен лексика-фразеологиялық жүйе, сөз бен оның мағынасы).

Нақты оқу сөздігін түзу үшін жалпы лексикографияда осындай үлгідегі сөздіктердің маңызы ерекше. Сөздің қолданысы бірқатар факторларға байланысты:

1. семантикалық, яғни сөздің мән-мағынасы,
2. коммуникативті, сөздің қай салада, стильде, сөйлеу жағдаятында қолданылатыны т.с.с.

Сөздік бірліктерді тақырыптық жағынан топтастырғанда, тілдің коммуникативті, функционалды жағы ескеріледі. Сөздерді тақырыптық жағынан топтастырғанда, оларға тілдік факторлар емес, тақырып, сөйлеу ортасы сияқты тілден тыс факторлар ескеріледі. Сол себепті сөздердің ішкі, тілдік байланыстары тілден тысқары факторларды ескеріп отыруы тиіс.

Лексикалық бірліктердің лексика-семантикалық қатынасын сөз еткенде, ұғымдардың тілден тыс факторларымен қатар ұғымдар тіл бірліктері, сөздердің парадигмалық қатары арқылы берілетіндіктен, тілдің ішкі жүйелілігі де ескерілуі тиіс. Яғни тілді үйреніп, оқу сөздігін құрастыру үшін сөздердің тақырыптық және лексика-семантикалық байланыстарының маңызы зор. Сол себепті қазақ тілін үйретуде мағынадан тұлғаға қарайғы функционалды-семантикалық бағыт пен тілдік бірліктердің семантикалық жүйелілігі принциптеріне, идеографиялық сөздіктер түзуге ерекше назар аудару қажет. Мұндай идеографиялық сөздіктердің негізгі мақсаты – белгілі бір ойды жеткізу үшін сөздерді таңдауға көмектесу.

Тіл үйретуде әсіресе лексиканың маңызы зор. Сөздік қорды меңгертуде бірізділікпен, қарапайымнан бастап, күрделендіре беру қажет. Яғни шағын сөздіктерден бастап, сөздік құрамды меңгертуді мақсат ету керек.

Қазіргі тіл білімінде оқу лексикографиясы екі түрлі бағытта дамып келеді. Атап айтқанда, оқу сөздіктерінің түрлі аспектілерді қамтыған салалық түрлері жасалса, сонымен қатар бірнеше саланы қамтыған кешенді сөздіктер де дайындалуда. Басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде са-

лалық сөздіктерден гөрі кешенді сөздіктердің берері мол, себебі онда тіл үйренуші бір сөздіктен түрлі сала бойынша жалпы мағлұмат алып, бір ғана еңбекке иек арта алады.

Салалық сөздіктер белгілі бір қызмет саласы бойынша жан-жақты мәлімет қамтып, анықтама құрал ретінде қолданылса, кешенді сөздіктердің негізінен оқу құралы ретінде жұмсалып, тіл үйренушіге түрлі салалар бойынша жалпы мағлұмат беруді мақсат етеді. Кешенді сөздіктер салалық түсіндірме сөздіктердің есебінен толықтырылып отырады. Кешенді сөздіктердің негізгі мақсаты – мұғалімдерге оқушыларды дұрыс сөйлеп, сауатты жаза білуге дағдыландыруда көмекші құрал болу. Ол үшін әр сабақ сайын сөз туралы мұғалім оқушылардың сөздік қорына бірнеше сөзді қоса отырып, әрі қажетті мағлұматтар беріп, ол сөздің қай кезде, қандай мақсатта қолданылатыны, қандай мөндерде жұмсалатыны туралы жан-жақты ақпарат беріп отыруы керек. Салалық сөздіктердің 3 түрі бар: қазақ тілінде дәріс алатын оқушыларға арналған, басқа тілді мектептерде оқитын оқушыларға және шетелдіктерге арналған сөздіктер. Алайда бұл сөздіктер әлі де жетілдіре түсуді, толықтыруларды қажет етеді.

Оқу сөздіктерін түзудегі негізгі мақсат – тілді меңгерту. Лексикалық бірліктерді сұрыптауда функционалды-семантикалық принцип басшылыққа алынады. Қазақ тілін оқыту, тіл дамыту жұмыстарында әлі де кемшін тұстар, басы ашылмаған мәселелер баршылық. Қазақ тілін шет тілді аудиторияға үйретуде оқу сөздіктерінің маңызы зор. Осыған байланысты мұндай сөздіктердің сипатын, өзіндік ерекшелігін анықтап, арнайы зерттеу нысаны ету өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Новиков Л. Учебная лексикография и ее задачи // Вопросы учебной лексикографии. М., 1969 С. 4.
2. Денисов П.Н. Типология учебных словарей // Проблемы учебной лексикографии. М., 1977. С. 35.
3. Щерба Л.В. Опыт общей теории лексикографии // Языковая система и речевая деятельность. Л.: Наука, 1974.
4. Новиков Л. Каким должен быть учебный словарь? // Русский язык в национальной школе. 1974. №1.
5. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1974.
6. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005.